


«Мен келдім музейіңе жолым түсіп...»



Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесіне апаратын 73 баспалдақпен көтерілген сайын ақынның тақта тастарға қашап жазылған ғибратты жырларымен көкіректі суарып, Ескелдінің пейіш лебіне ұқсас ерекше самалына бетімізді тосудың сәті биыл тағы түсті.

Бұл жолғы сапарымызға облыс көлемінде аталып өткен «Ұлы Дала елі» фестивалі аясында Мәшһүр Жүсіп кесенесі жанынан «Ескелді» мәдени-қонақүй кешенінің ашылуы себеп болды.

*«Мен келдім музейіңе жолым түсіп,
Егілдім рухыңды сүйіп-құшып.
Өмірдің жолдарында жар бола көр,
Қазақтың пайғамбары Мәшһүр Жүсіп».*

Ғафу Қайырбековтің әулие Мәшһүр құдыретін төрт тармағына сыйдырған осынау өлеңіне кесене басында көзіміз түскен сайын, осы жерде әлдене жетпей тұрғандай сезімде болатын едік. Енді, міне, сол жетіспеушіліктің де орны толды: бұрын Жаңажолда орналасқан Мәшһүр Жүсіп музейін енді алыс-жақыннан кесенеге тәу етіп келушілер де тамашалай алатын болды.



Айта кетерлігі, тұсаукесер лентасы жаңа ғана қиылған «Ескелді» мәдени-қонақүй кешені — 40 адамға арналған, екіқабатты ғимарат. Айнадай жарқыраған кешен жиһаздарының өзі жоғары талғаммен таңдалғаны байқалады. Асханасы да адам жанына ерекше жылу сыйлайды. Қонақүй ішіне су тартылып, адамға қажетті жайлы жағдайдың бәрі жасалған. «Kazenergy» ассоциациясы 30 миллион теңге демеушілік қаржы жұмсаған кешен құрылысын «Строймехсервис» ЖШС жүргізіпті.

Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Болат Бақауов жиылған жамағатқа жақсылық тілеп:

- Қасиетімен халқына қорған, өсиетімен ұрпаққа тұғыр болған бабамыздың бұл мекені жыл он екі айда тағ-зым етіп келуші жамағаттан үзілген емес. Өйткені Мәшһүр бабамыздың өмірі мен еңбегі, парасаты мен қасиеті баршамыз үшін қашанда жоғары тұр. Осындай тұлғаларды дәріптеу, насихаттау арқылы біз болашағымыздың бағдарын айқындай аламыз. Алдағы уақытта осы мекенді одан әрі дамыту қарастырылып отыр, — деді.



Салтанатта, сонымен қатар, «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ-ының бас директоры Шухрат Данбай лебізін білдіріп, бас демеуші — «Kazenergy» ассоциациясының төрағасы, ұлттық экономикалық «Атамекен Одағы» палатасы президиумының төрағасы Тимур Құлыбаевтың хатын оқып берді.

Мәшһүр бабамыз көзі тірісінде өзіне екі бөлмелі етіп зират салдыртып, оның ауызғы бөлмесін жолаушылар тоқтап, ас-су ішетіндей етіп лайықтағанын білеміз. Бүгінде мұнда жай жолаушылар емес, әулиенің басына зиярат етіп қонушылардың қарасы қалың. Қасиетті мекенде өткен ғибратты шараға жырау, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Алмас Алматов, жыршы, манасшы Баянғали Әлімжан, термеші Ақерке Дабылова, т.б. танымал өнерпаздар қатысты.

Жаңажол халқымен ауылы аралас, қойы қоралас жатқан Екібастұз жұртшылығы да шараға белсене қатысты. Ескелді төсінде керіле орналасқан 20-ға жуық ақшаңқан үйдің ең көріктісі, ең тартымдысы Екібастұз қаласының әкімдігі тіккен орда болғанын айта кеткен абзал. Ал «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1 станциясы» ЖШС-інің Рысқан Свамбаев бастаған қызметкерлері шараның мазмұнды өтуіне өз үлестерін қосты. Екібастұздық өнерпаз — Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Жәнібек Мәліков болса сахнадан термелерін әуелетті.

Атап өтерлігі, Баянауыл ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімдігінің ұжымы, ауыл тұрғындары кешеннің ішін жуып-сүртіп, ауласын тазартуға

ерен үлес қосты. «Абзал Қайырбеков, Сәрсенбай Тоқсанов, Мереке Мұсаев, Сланбек Шокин сынды азаматтар бір-бір қой беріп, той шығынын көтерісті», — деді бізбен әңгіме барысында округ әкімі Төлеген Тілеубаев.

Алдымен кесенеде бабамызға құран бағыштаған жұртшылық мұражай ішін аралады. Мұнда екі экспозициялық зал: сурет галереясы мен ұлы ойшылдың әдеби, тарихи мұралары, көзі тірісінде қолданған заттары сақталған бөлме бар. Мұражайға кіре берісте Мәшһүр ата зиратының бұрынғы ғимаратының суреттері, Павлодар қаласындағы Мәшһүр Жүсіп мешітінің макеті орналастырылып, Жаңажолдағы марқұм Иран Омарбеков тұрғызған Мәшһүр Жүсіп Көпеев мешіті бейнеленген картина ілінген. Мұражай жәдігерлерін орналастыру жұмыстарымен облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайы (директоры – Гүлнәр Нұрахметова) айналысыпты.



Жалпы, мәдени-қонақүй кешеніне де аталмыш музей иелік етіп, мұндағы жұмысты басқару Мәшһүр бабаның ұрпағы Қажмұқан Пазыловқа тапсырылатын көрінеді. Гүлнәр Нұрахметова алдағы уақытта кешенді ұстауға 8 штат бөлу қарастырылып жатқанын айтты. Қонақүй кешенін пайдалану ақылы болады делінгенімен, әзірге қызмет көрсету құны белгілене қоймапты.

Салиқалы басқосуда еңбек ардагері, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы Мұрат Рахметовтің де әңгімесін тыңдадық.

- «Халық бар жерде қазына бар» демекші, Мәшекеңнің алтын қазынасы халқы барда ешқашан өшпейді. Баян жерінде Мәшекеңді ұлықтау шаралары сонау 1977 жылдардан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Кеңес идеологиясының қылышынан қан тамып тұрған уақытта басшылық қызметтерде, партия қатарында жүрсе де, рухты азаматтар Мәшһүр Жүсіп бейітін қалыпқа келтіріп, музейін ашу жөнінде байлам жасаған. Бұзылған бейітін қалпына келтіруде бастама көтеріп, аудан басшыларынан бастап облыста жауапты қызметте отырған Кеңес Одағының Батыры Махмет Қайырбаевқа дейін барып, құрылыс материалдарын алуға атсалысып, атамыздың кіші келіні Нұрила апамыз бізге жол ашып еді. 1981 жылы салынып біткен мәдениет үйінің 100 шаршы метрі алғашқы мұражайға бөлініп, мәдени орда халық игілігіне берілді. Осылайша, 14 жыл бойы мәдениет үйінде толыққан мұражай 1993 жылы ауыл орталығынан жеке шаңырақ көтерді. Ал 1996 жылы аудан орталығында «Даналар даңқы»

ескерткіштер аллеясынан Мәшһүр Жүсіп бабамыздың да мүсіні орын алды. Осының бәрі ел азаматтарының жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ өз қалауларымен жасаған істері еді. 2006 жылдың қараша айында Мәшһүр Жүсіптің кесенесі салтанатты түрде ашылған болатын. Тимур Құлыбаев Баянға бір келгенінде, Мұса мырза мешіті мен Қаныш Сәтбаев мемориалдық музейін жаңғыртуға қаржы беріп, көмек көрсетті. Бізге берген уәдесін орындап, міне, енді Ескелдіде тамаша кешен салып берді. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген. Ұлы бабаның кесенесін салып қана қоймай, көріктендіруге де көмек көрсеткен азаматтарды баба аруағы қолдап, ел өмірін көркейту жолындағы еңбектері нәтижелі болсын деп тілейміз! – деді Мұрат ағамыз.

Жанаргүл ҚАДЫРОВА, Ескелді
otarka.kz